



811. 512.161.

Нугманова Ж.Т.

**Н.Ф.КАТАНОВТЫҢ «ОПЫТ  
ИССЛЕДОВАНИЯ  
УРЯНХАЙСКОГО ЯЗЫКА С  
УКАЗАНИЕМ ГЛАВНЕЙШИХ  
РОДСТВЕННЫХ  
ОТНОШЕНИЙ ЕГО К ДРУГИМ  
ЯЗЫКАМ ТЮРКСКОГО  
КОРНЯ» АТТЫ ЕҢБЕГІНІҢ  
ТҮРКОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ**

*В данной статье рассматривается  
труд Н.Ф.Катанова "Опыт..." и его  
значимость с точки зрения  
тюркологии.*

*The work N.Ph.Katanov "Experience..."  
and its meaning from the point of view of  
turkology is considered in this article.*

Тува халқының көне тарихы Орхон-Енисей жазу ескерткіштерін қалдырған түркі тайпаларымен байланысып жатады. Олардың халық ретінде қалыптасуына түрлі халықтардың (самодилердің, жоңғар қалмақтарының, т.б.) ықпалы болғандығы анық. Тува тілі өздерінің сөйлеу тілдерінде «тыва», «кижи», «тувалар» десе, әдебиеттерде «урянхайлар», «сойоттар», «сойондар», «тану-тувалар» деп атайды.

XIX ғасырдың соңы мен XX басында Ресей түркітанушылары тува халқын жан-жақты зерттей бастады. Сондай құнды зерттеудің бірі - Н.Ф.Катановтың «Опыт исследования урянхайского языка с указанием главнейших родственных отношений его к другим языкам тюркского корня» еңбегі. Ғалымнан бұрын урянхай (тува) тілінің материалдарын өзінің зерттеулеріне пайдаланған академик В.В.Радлов болса, кенес дәуірінде тува тілін зерттеп, пікір айтқан ғалымдардан М.Д.Биче-оол, Ф.Г.Исхаков, Н.А.Баскаков, А.Ч.Кунаа, Д.А.Монгуш, Ш.Ч.Сат, т.б. атауға болады.

Урянхайлар ерте заманнан қытайлармен және монғолдармен қарым-қатынаста болды, ал соңғыларымен көршілес тұрды. Ресейдің Томск губерниясында өмір сүрген урянхайларды «двоеданцылар» деп атаған. Себебі олар Қытай мен Ресейге дань салығын төлеп тұрған еді. «Қолда бар жазбаларда урянхайлардың (қазіргі тувалар) тұрмыс-тіршілігі, сауда аймағы туралы айтылды, «бірақ урянхай халқының тіліне қызығушылық танытушылар аз болды», тек «Энциклопедиялық сөздік» атты мақаланың белгісіз авторы ғана сойоттар мен урянхайларды ажыратып, соңғылары түркілерге тән сөйлейді деп көрсетті», - деп жазады Н.Ф.Катанов [1.3].

1898 жылы Ғылым Академиясы және Ресей географиялық қоғамы Н.Ф.Катановты урянхайлықтардың тарихын, этнографиясын, тілін зерттеу мақсатында Солтүстік Монғолияға жібереді. Ғалым экспедиция кезінде құнды тілдік мәліметтер жинайды. Ол: «...мен Урянхай жерінде 5,5 ай болдым және ғылыми транскрипцияда 216 бет мәтіннен тұратын және орысша аудармасы 181 бет мәтінді құрайтын әндер, жұмбақтар, шамандық дұғалар, әңгімелер жазып алдым», - дейді [1.13]. Бұл жазбалар В.В.Радловтың IX томдық «Образцов народной литературы тюркских племен» атты кітабына, ал лексикалық мағлұматтар 4 томдық «Опыт словаря тюркских наречий» еңбектеріне енуі - ғалым зерттеуінің құндылығының дәлелі.

Ғалымның 1903 жылы «Опыт исследования урянхайского языка» деген тақырыпта



қорғаған докторлық диссертациясында урянхай (тува) тілін 50-ге жуық туыстас түркі тілдерімен ғылыми негізде салыстыра зерттегенін көреміз. Еңбекте қазақ тіліне қатысты мәліметтер де келтіріліп отырады. Ғалым урянхай тілінің түркі тілдеріне тән екендігін бұлжытпас дәлелдермен айғақтайды. Белгілі түркітанушы С.Н.Иванов еңбектің құрылымына талдау жасай келе: «Опыт» содержит хорошо систематизированные материалы для сравнительной грамматики тюркских языков. Именно эти особенности позволили им, наряду с радловской «Фонетикой» заложить основы сравнительного изучения тюркских языков», - деп тұжырымдайды [2.54]. Осы сынды пікірлерді Н.А.Баскаков, М.Рясянен, Г.И.Рамстедт т.б. еңбектерінен де кездестіре аламыз.

Н.Ф.Катановтың аталмыш еңбегі өте қомақты, 2 томнан, 1539 беттен тұрады. Бірінші томның басында автор ғалымдарға урянхайлар және әр түрлі атаулар: уренхит, orenqay, Sajanische Tataren Soyoter, Соеты, Сойонцы, Урянхи, Урянхай, Урянхайцы т.б. туралы түсінік беріп өтеді. Зерттеуде тілдің бірнеше салаларын қамтыған: фонетика, морфология, синтаксис сондай-ақ урянхай халқының ауыз әдебиеті үлгілері де кірістірілген. Еңбекте 14 салыстырмалы кестелер беріледі. 42 қазіргі тілдер мен 5 көне тілдер: шағатай, көне түркі (орхон жазуы), половец, селджук, ұйғыр тілдерін урянхай тілімен ғылыми тұрғыда салыстыра отырып, урянхай жұртының түркі тілдес халықтар екендігін дәлелдейді.

«Дыбыстар туралы оқу» атты бөлімінде дауысты және дауыссыз дыбыстардың саны мен сапасы туралы азды-көпті әңгіме болады. Олардың сөз шегінде қолдану сипаты басқа түркі тілдерімен салыстырыла отырып, өзіне тән ерекшеліктер мен сәйкестіктерін ашып көрсетеді. Ғалым урянхай тіліндегі дыбыстарды 8 дауысты, 22 дауыссыз дыбыс және олардың айтылу ерекшеліктері, дифтонг дыбыстар, дауысты дыбыстардың сөз ішінде кезектесіп келу мәселелерін ұтымды түрде түсіндіреді. Ол урянхай тілінің дауысты дыбыстарына сипаттама бергенде айтылуына қарай екі топқа бөледі:

1. Қатаң, созылыңқы: *a, o, ы, y*;
2. Ұян, қысқа: *ä, ö, ü, i*.

Ал, қазіргі тува тілінде дауысты дыбыстар былайша топтастырылады: созылыңқы, қысқа, көмей. Тува тіліндегі дауысты дыбыстар жазылу жағынан да, айтылу жағынан да (и мен э-ден басқалары) басқа түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардан айырмашылығы болмайды. Ғалым Ә.Қайдар: «Э дыбысын түрлі ғалымдар түрліше таңбалармен таңбалап келген. Жалпы э дыбысы – тіл алды, ауыздың орта қалыпта ашылуынан жасалатын дыбыс. Н.Ф.Катанов бұл дыбысты э әрпімен белгілеген, басқа түркі тілдеріндегі *ə* дыбысымен тең деп есептеген. Тува тіліндегі *и* дыбысы қазақ тіліндегі *і* дыбысымен сәйкес келеді»- дейді [3.323].

Урянхай тілі дауысты дыбыстарының басқа түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстармен сәйкестігін қарастыра келіп, «Урянхай тіліндегі түбір сөздер мен басқа түркі тілдері түбір сөздерін салыстыруда бір түбірлес сөздердің бастапқы дауысты дыбыстары бірде сақталып, бірде өзгеріп отырады»- дейді [4.9]. Ол 8 дауыстының әрқайсысына сипаттама береді. Мәселен, урянхай тілінің бірінші, екінші буындардағы дауысты «*a*» дыбысын сағай, алтай, төлеуіт, белтир, қазан татарларының, қырғыз, қазақ, ұйғыр тілдеріндегі «*a*» дыбысына сәйкестендіреді: *Ада / ата*. Урянхай тіліндегі «*a*» дыбысы якут тілінде «*ы*» дыбысына ауысады: «*ай*» (месяц) ~ якут «*ый*».

«*a*» ~ «*ä*» дыбыстарының сәйкестігі: урянхай, сағай, шор, качин, белтир «*чай*», якут «*сай*», татар тілінде «*жай*», қазақ тілінде «*жай*»;

«*ä*» ~ «*e*»: «*әр*», «*сән*», қырғыз, қазақ, «*ер*», «*сен*»;

«*ä*» ~ «*и*»: «*әр*», «*сән*», татар, башқұрт, мишар диалектісінде – «*ир*», «*син*», қырғыз, қазақ «*ер*», «*сен*»;

Еріндік дауыстылар сәйкестігі:

«*o*» ~ «*y*»: «*пол* ~ *бул*, *тон* ~ *тун*, *той* ~ *түй*»

«*o*» ~ «*ü*»: «*өл* ~ *үл*, *көл/гөл* ~ *күл*»

«*o*» ~ «*yuo*»: «*пол* ~ якут. «*буол*», *чок* ~ якут «*суох*»

Сондай-ақ ғалым дауысты дыбыстардың фонетикалық заңдылықтары, дауысты дыбыстардың түсіріліп қолданылуы, эпентеза құбылыстары туралы мысалдар келтіре отырып дәлелдейді. Мысалы, дауысты дыбыстардың сөз ішінде түсіріліп айтылуы: *қарат* < *қара ат*, *ол* < *оғұл* (*ұл*), *чылдып* < *чылытып* / *жылытып*.

Дауыссыз дыбыстар туралы арнайы бөлім §24, 38-бетте қарастырады. Ол дауыссыз дыбыстарды дауыс қатысына қарай, жасалу орнына қарай екіге бөледі:

1. Дауыс қатысына қарай: *қатаң, жұмсақ, ұяң, әлсіз*.



2. Жасалу орнына қарай: *көмей, таңдай, тіс, ерін, мұрын*. Ғалым өз еңбегінде дауыссыз дыбыстардың бөліну тәртібіне былайша тұжырым жасайды: «Урянхай тіліндегі дауыссыз дыбыстарды тілдің атқару қызметінің күштілігіне қарамастан «тілдік» деп бөлмей, тек сөйлеу мүшелерінің басымдылығына қарай белгіленді [4.39]. Ғалымның тұжырымдарын әрі қарай қарастыратын болсақ, урянхай тіліндегі сөздер басқа түркі тілдеріндегідей екі қатан, екі ұян, екі үнді дауыссыз дыбыстарынан басталмайды не аяқталмайды дей келе, дыбыстарға арнайы сипаттама береді Сонымен қатар түркологияда өзекті мәселелер қатарына жататын урянхай тіліндегі дауыссыз дыбыстардың басқа түркі тілдеріндегі дауыссыз дыбыстармен сәйкестігі; дауыссыз дыбыстардың көршілес дауысты дыбыстардың әсерінен өзгеруі; дауыссыз дыбыстардың көршілес дауыссыз дыбыстардың әсерінен өзгеруі т.б. туралы біраз материалдар көрініс тапқан.

«Сөздердің септелуі» бөлімінде дауысты, дауыссыз дыбыстарға аяқталатын бір буынды сөздер, екі буынды сөздер және үш буынды сөздер мен көп буынды сөздер қарастырылса, зат есімнен зат есім тудыратын қосымшалар бөлімінде төмендегідей мәселелерді қамтыған:

- *чык, - чік, - чук, - чүк, чак, - чәк, кай – кәй, гай – гәй, ак – әк, ай-әй, каш – көш (гаш – гәш)* қосымшалары арқылы кішірейту немесе еркелету мәнді, *қы – кі (- ықы, -ікі)* сыйлау, еркелету мәнді сөздердің және т.б. жасалуы. Басқа түркі тілдеріндегі зат есімнен зат есім тудыратын кішірейту немесе еркелету мәнді қосымшаларды урянхай тілімен салыстыра зерттейді. Урянхай тілінде: *көлчүк – көлшік, қапчык – қапшык* т.б.

Алтай және төлеуіт тілдерінде: - *чак, - чәк (- ычак, - ічәк, - учак, - ўчак)*- ұлчак, адычак, одычак.

Қазақ тілінде: *шак – шәк (шок - шөк)*- келіншәк, қулуншак.

Қазан татар тілінде: *чык- чік (чөк - чөк)* – қапчык.

Еңбекте септік жалғауларына да көңіл бөлінген. Жалпы орыс ғалымдары еңбектерінде септіктер саны біркелкі емес. Н.Ф.Катанов урянхай тіліндегі септіктер туралы: «Урянхай тіліндегі септік жалғаулары басқа түркі тілдерімен бірдей өзгеріп отырады. Атау септігін кейбір ғалымдар жәй атау (nominativus, Nominativ) десе, енді біреулері анықталмаған (мәселен В.Радловта «Casus Indefinitus») деп атайды. Атау септігіне ешқандай жалғау жалғанбайды, басқа септіктерден сөз мағынасы арқылы айырамыз. Ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс септіктерінде өздеріне тән жалғаулары бар» - деп септіктерді санамалап көрсетеді. Ілік септігінің *-ның, - нің (-нуң, -нүң), -дың, -дің (-дуң, -дүң), - тың, - тің (-туң, -түң)* жалғауларын 40 түркі тілдерімен салыстырады. Мәселен, қазақ тіліндегі ілік септігі былайша көрініс тапқан: *-ның, - нің (-нуң, -нүң), -дың, -дің (-дуң, -дүң), - тың, -тің (-туң, -түң)* және *н* дыбысынан кейін *-ың, -ің (-уң, -үң, қанның, кімнің, аулдуң, көлдүң* т.б.

Тәуелдік жалғауын ғалым тәуелді есімдік жалғаулары деп атайды және мынадай маңызды тұжырым айтады: «Оларды тек зат есімдерге ғана емес, сол сияқты басқа да септелетін сөздерге жалғауға болады» [4.349]. Ол «*м, ым, ім, ум*» тәуелдік жалғауларының жалғану тәртібін ұсынады. Берілген мысалдарға назар аудара отырып урянхай тәуелдік жалғаулары да қазақ тіліне ұқсас екенін аңғаруға болады. Мәселен, автор «*м*» жалғауы дауысты дыбысқа біткен сөздерге жалғанса, «*ым, ім*» дауыссыз дыбысқа біткен сөздерге жалғанады. Урянхай: *убам, малым, адым, белім* т.б.

«Сөздердің жіктелуі немесе етістік» бөлімінде төмендегідей мәселелерді қамтиды:

1. Етістік құрамының тізімі:

- бір құрамды,
- екі құрамды,
- үш немесе көп құрамды.

2. Жұрнақтар, зат есімнен, сын есімнен, сан есімнен және есімдіктен етістік тудыратын жұрнақтар.

3. Етістік категориясы – етіс.

4. Жедел етістіктер.

5. «-кан», «-қән», «-ған», «-гән», «-йан», «-йән» тұлғалы өткен шақ есімшенің жасалу жолдары 41 тілде беріледі.

6. «-ар», «-әр», «-ур», «-үр», «-ыр», «-ир» тұлғалы келер шақ есімшенің жасалу жолдары – 42 тілдің материалы негізінде беріледі.

Келесі бөлімі сөз тудырушы қосымшалар туралы:

«-ым», «-ім», «-им», «-ум», «-үм»: олум, кийім, билим;

«-ыш», «-иш», «-уш», «-үш»: таныш, чығыш, уруш, сағыш;

«-ық», «-ик», «-уқ», «-үқ»: артық, ойуқ, йаруқ т.б. (545-572бб).

Бұдан кейін етістік формасының бір түрі көсемшеге тоқталады.



- «ып/ип», «йып/йип», «йүп/йүп», «ибән» (578-584бб).

- «-каш/кәш», «гаш/гәш» және олар басқа түркі тілдерінде: ««гач/гәч», «-кач/кәч», «-гаштын/качтын» (585-599бб).

- «а-ә», «ы-и», «у-ү», «й»; өлә (өле), «кылы»; Сібір Манғолия көнетүркі жазбаларында «тайин» немесе «тийин» формасы берілген (599-604бб).

- «- ала/әлә»: «төрәлә». Бұл көсемше формасы,- дейді Н.Ф.Катанов, басқа түркі тілдерінде де кездеседі: бараба диалектісінде «ғалы/гәли», «қалы/кәли». Мысалы, «турғалы» «тур» сөзінен, «корғали» «кор» сөзінен, ишим тілінде «йұхлагалы» «йұхла» сөзінен, қырғыздарда «алғалы», «бергәли». Сондай –ақ көсемшенің бұл формасы «содан бері қарай мағынасын да береді. Мысалы, алтай, төлеуіт тілдерінде «алала» (как только взял).

Еңбектен түбір етістіктерден жасалған күрделі етістіктер туралы мәліметтер ала аламыз. Мәселен, («әккәл», «әккіл», «аппар», «әпкит», «әккәт» т.б.), етістіктің болымды, болымсыз түрлері («ужалбадым < ужа албадым» (ұша алмадым), түрік тілінде «учамаз» (ұша алмайды), «горәмәз» (көре алмайды), «ыт» етістігі арқылы жасалған күрделі етістіктер: «соғуп ыттым» > соғуптум, «тырап ыттым > тыраптым», «парып ытты» (ол кетті, аттанды).

Ал, етістіктің формалары мен категорияларының маңыздылығын еңбектің II томында қарастырады. Бұлар – етістер, есімше мен көсемше, рай түрлері және шақ формалары. Сонымен қатар, етістіктің қимыл іс -әрекетін білдіретін «қәл», «пар», «пәр», «ал», «тур», «ыт», «кир» т.б. көмекші етістіктер.

«Синтаксис мәселелері» деп аталатын шағын тараушада сөйлем мүшелері, сөйлемнің түрлері, соның ішінде шартты, қарсылықты және басқа бағыныңқылар туралы айтылған (879-893-б.).

Н.Ф.Катановтың еңбегінде салыстырмалы зерттеу басым болғанымен, зерттеу жұмысында фонетика мен грамматиканың кейбір мәселелері алғаш рет сөз болады. Мәселен, Н.Ф.Катанов түркі тілдеріндегі дауыстылар құрамын айта келе, татар және башқұрт тілдері дауыстыларының басқа түркі тілдерінің дауыстыларымен сәйкестігін атап кетеді. Бұл құбылыс біздің заманымызда салыстырмалы-тарихи тіл білімінің жетістіктерінің негізінде ғана игерілген болатын.

Ғалым қазіргі терминологияда қимылдың сипат категориясын тудыратын «қәл», «пар», «пәр», «ал», «тур», «ыт» тәрізді көмекші етістіктер арқылы қалыптасқан күрделі етістіктерге назар аударды. Бұл мәселені түбегейлі зерттеу 1956 жылы Алматыда өткізілген пікірталастан кейін ғана қолға алынған болатын, ал бұл тақырыпқа арналған алғашқы ғылыми еңбек, пікірталастан кейін, 1963 жылы жарияланған еді.

Н.Ф.Катанов өз еңбегінің негізгі мақсаты ретінде урянхай (яғни тува) тіліне сипаттама беру және оның түркі тілдер тобына енетіндігін дәлелдеу деп санады. Кейіннен салыстырмалы және тарихи грамматика еңбектерінің авторлары Н.Ф.Катановтың «Зерттеуіне» сүйенгені белгілі. Мәселен, фин ғалымы М.Рясянен «Түркі тілдерінің тарихи фонетикасы бойынша зерттеулер» атты еңбегінің алғысөзінде былай деп жазады: «... Орыс түркологы Н.Ф.Катановтың урянхай тілі бойынша түбегейлі жазылған өте үлкен (1500 бет) еңбегі менің жаңа түркі тілдерін салыстырмалы түрде зерттеуіме бірден-бір негіз болғандығын атап кеткен жөн». «Зерттеуді» Г.И.Рамстедт те пайдаланды. 1955-1962 жылдары ССРО ҒА корр. мүшесі Н.К.Дмитриевтің редакциясымен шығарылған, 4 кітаптан тұратын «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы бойынша зерттеулер» атты жұмыстың авторлары Н.Ф.Катановты өздерінің «ең жақын жолбастаушысы» деп таныды. Белгілі ғалымның атамш еңбегі жаңа ғасырдағы түркітану мәселесі үшін де өз маңызын жоймақ емес.

#### Әдебиеттер:

1. Катанов Н.Ф. Опыт исследования урянхайского языка с указанием главнейших родственных отношений его к другим языкам тюркского корня. Т.1, 1903,
2. Иванов С.Н. Н.Ф.Катанов (Очерк жизни деятельности). -М.-Л., 1962., 1973. Изд.2-е.
3. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. - Алматы, 2004.
4. Н.Ф.Катанов. Опыт исследования урянхайского языка с указанием главнейших родственных отношений его к другим языкам тюркского корня. Т. 2, 1903